

«QAZAQGAZ» ҰК» АҚ
Басқармасының
2026ж. «05» маусым шешімімен
бекітілген
(№27 хаттама)

«QAZAQGAZ» ҰК» АҚ-ның ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЖӘНЕ ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТЫ

«QazaqGaz» ҰК» АҚ (бұдан әрі - QazaqGaz) және оның еншілес және бірлесіп бақыланатын ұйымдары (бұдан әрі – ЕТҰ) жұмыскерлердің өмірі мен денсаулығын, тәуекелдердің (қауіпті және зиянды өндірістік факторлардың) алдын алуды, өндірістік қауіпсіздік саласындағы тиімді басқаруды (бұдан әрі – ӨҚ) өзінің негізгі басымдықтары деп санайды және өзіне мынадай міндеттемелерді алады:

- Қазақстан Республикасы заңнамасының, ұлттық және халықаралық, салалық стандарттардың, QazaqGaz-дың ӨҚ ішкі құжаттарының талаптарын сақтау;
- қауіпсіз және салауатты еңбек жағдайларын, жарақаттардың, авариялардың және жұмыскерлердің денсаулық жағдайының нашарлауының алдын алуды қамтамасыз ету;
- консультациялар өткізуді және еңбек қауіпсіздігі мәдениетін дамытуды қоса алғанда, жұмыскерлердің қатысуын және тартылуын қамтамасыз ету;
- қауіптерді анықтау, кәсіби тәуекелдерді бағалау және басқару, оның ішінде оларды жою немесе қолайлы деңгейге дейін төмендету;
- еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласында жұмыскерлерді жүйелі оқытуды, құзыреттерін дамытуды және олардың хабардар болуын арттыруды қамтамасыз ету;
- мердігерлік және қосалқы мердігерлік ұйымдарды тарту нысанына және пайдаланылатын ресурстарға қарамастан, олардың қызметіне бірыңғай талаптар белгілеу және бақылауды қамтамасыз ету;
- жабдықты сенімді және қауіпсіз пайдалануды, заманауи технологиялар мен қорғаныс құралдарын енгізуді қамтамасыз ету;
- аварияларға, инциденттерге және төтенше жағдайларға ден қоюға, сондай-ақ олардың салдарын барынша азайтуға дайындығын қамтамасыз ету;
- QazaqGaz ішінде де, мердігерлік ұйымдар арасында да ӨҚ саласындағы үздік тәжірибені көтермелеу, дамыту және тарату;
- ӨҚ басқару жүйесінің мониторингін, талдауын және нәтижелілігін ұдайы жақсартуды жүзеге асыру;
- QazaqGaz-дың ӨҚ саласындағы қызметі туралы ақпараттың ашықтығын, анықтығын және дұрыстығын қамтамасыз ету.

QazaqGaz-дың ӨҚ саласындағы басым мақсаты дербес қауіпсіздік пен апатсыз өндірісті қамтамасыз ету, ашықтық пен қауіпсіздік мәдениетінің деңгейін арттыру, сондай-ақ ӨҚ саласында үздік салалық әлемдік тәжірибелерді енгізу арқылы «нөлдік жарақаттануға» қол жеткізу болып табылады.

QazaqGaz ӨҚ саласындағы тәуекелдерді басқару процестеріне тартылған барлық жұмыскерлерге қолдайды және жұмыскерлердің өмірі мен денсаулығына негізді түрде қауіп төндіретін ықтимал қауіпті жағдай туындаған кезде, жұмыскерлерге жұмыстан бас тартуға немесе жұмысты тоқтатуға заңды құқығына кепілдік береді.

Осы Саясатта көрсетілген міндеттемелер, ӨҚ саласындағы мақсаттарды белгілеу үшін негіз болып табылады және QazaqGaz-дың ЕТҰ-ларына, мердігерлік ұйымдар мен өнім берушілерге қолданылады және QazaqGaz-дың әріптестермен іскерлік қатынастар жүйесіне енгізіледі.

«QazaqGaz» ҰК» АҚ ДК 2022 жылғы «05» қыркүйектегі шешімімен (№17 хаттама) бекітілген Денсаулық сақтау, еңбек және өндірістік қауіпсіздік саласындағы саясаттың орнына әзірленген.



«QAZAQGAZ» ҰК» АҚ**Басқармасының****2026 ж. «05» қыркүйектегі шешімімен****бекітілген****(№ 17 хаттама)****ҚОСЫМША № 6**

«QAZAQGAZ» ҰК» АҚ-ның ЖЕРҮСТІ КӨЛІК ҚҰРАЛДАРЫН ҚАУІПСІЗ ПАЙДАЛАНУ САЯСАТЫ

«QazaqGaz» ҰК» АҚ (бұдан әрі - QazaqGaz) және оның еншілес және бірлесіп бақыланатын ұйымдары жол қауіпсіздігін өндірістік қауіпсіздіктің басым бағыты ретінде белгілейді және жұмыскерлердің, мердігерлердің және жол қозғалысына өзге де қатысушылардың өмірі мен денсаулығын сақтаудың сөзсіз басымдығын растайды.

QazaqGaz жол қауіпсіздігі талаптарын бұзуға нөлдік төзімділік қағидатын іске асырады және өзіне мынадай міндеттемелерді қабылдайды:

- Қазақстан Республикасы заңнамасының, ұлттық және халықаралық, салалық стандарттардың, QazaqGaz-дың жол қозғалысы қауіпсіздігі және көлік құралдарын қауіпсіз басқару саласындағы ішкі құжаттарының талаптарын сақтау;
- мердігерлік ұйымдардың қызметін қоса алғанда, еншілес және бірлесіп бақыланатын ұйымдардың бірінші басшыларының жол қауіпсіздігінің жай-күйі үшін дербес жауапкершілігін белгілеу;
- қызметтік сапарларды ұйымдастыру және орындау және көлік құралдарын компания ұйымдарының мүддесі үшін пайдалану кезінде жол қауіпсіздігі талаптарының сөзсіз сақталуын қамтамасыз етеді;
- маршрутты, ауа-райын, қозғалыс уақытын және жүргізушілердің еңбек және демалыс режимін қоса алғанда, сапарларды орындау шарттарын міндетті бағалау негізінде көлік тәуекелдерін басқаруды жүзеге асыру;
- медициналық бақылаудан өткен тек қана білікті жұмыскерлерді көлік құралдарын басқаруға, сондай-ақ тек техникалық жарамды көлік құралдарын пайдалануға рұқсат ету;
- шарттарда көзделген ықпал ету шараларын қолдана отырып, жол қауіпсіздігінің белгіленген талаптарына сәйкес келмейтін көлік құралдары мен мердігерлік ұйымдардың жұмыстарына рұқсат беруге тыйым салу;
- көлік құралдарын бақылаудың және жол қауіпсіздігі талаптарының бұзылуын бақылаудың цифрлық құралдарын қолдану;
- басқару шешімдерін қабылдай отырып, барлық жол-көлік оқиғалары мен ықтимал қауіпті оқиғалардың есебін жүргізу, олардың тергеп-тексерілуін және талдауын қамтамасыз ету;
- мас күйінде көлікті басқаруды, жылдамдықты асыруды, қозғалыс кезінде мобильді құрылғыларды пайдалануды, бекітілмеген қауіпсіздік белдіктерін және өзге де өрескел бұзушылықтарды қоса алғанда, жол қауіпсіздігі талаптарын бұзғаны үшін тәртіптік және өзге де ықпал ету шараларын белгілеу;
- QazaqGaz-дың еншілес және бірлесіп бақыланатын ұйымдарының басшылығы деңгейінде нәтижелерді қарастыра отырып, жол қауіпсіздігін басқару тиімділігін тұрақты бақылауды және бағалауды жүзеге асыру.

Осы Саясатта көрсетілген міндеттемелер, көлік қауіпсіздігі саласындағы мақсаттарды белгілеу үшін негіз болып табылады, QazaqGaz-дың ЕТҰ-сына, мердігер ұйымдарға, қызметтерді жеткізушілерге қолданылады және QazaqGaz әріптестермен іскерлік қатынастар жүйесіне енгізіледі.

QazaqGaz басшылығы осы Саясатты іске асыру үшін барлық қажетті ресурстарды ұсынуға жауапты.

«QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның еншілес және тәуелді ұйымдарының осы Саясатты қолдануы ұқсас саясаттарды әзірлеу және бекіту немесе ұйымдардың ішкі құжаттарын осы Саясатқа сәйкес келтіру жолымен белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

«QazaqGaz» ҰК» АҚ ДК 2022 жылғы «05» қыркүйектегі шешімімен (№17 хаттама) бекітілген Жол қауіпсіздігі саясатының орнына әзірленген.